**"Мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2016 жылға арналған тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 68 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 қазандағы № 588 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2016 жылға арналған тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 68 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2016 ж., №8-9-10, 45-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2016 жылға арналған тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 2-жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | «Астана қаласының жаңа көлік жүйесі. LRT (әуежайдан жаңа теміржол вокзалына дейінгі учаске)» | 589 655 811 | 2016 – 2018 | 471 123 970 мың теңге, 1 600 млн. АҚШ долларына дейін балама | «Астана LRT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Қытай Даму Банкі |

» .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *Б.Сағынтаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК